

Найманбаев Алмас Әбдіманапұлының «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі».

Зерттеудің мақсаты: Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың теориялық және ғылыми-әдіснамалық негіздерін ұсынып, білім беру үдерісіне ендіру мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеудің міндеттері:

- фольклортану ғылымында мифтердің жанрлық түр ретінде зерделенуіне мән беру;

- қазақ мифтерінің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктерін: көркем прозаға кірігу процесін айқындау;

- мифтік сарындардың қазіргі қазақ повестеріндегі интерпретациясына талдау жасау;

- мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық арнасын зерделеу;

- қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту пәнін оқу үдерісінде пайдалану үшін таңдау курсының білім мазмұны мен әдістемесін ұсыну;

- қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың инновациялық жолдарын, оқыту бойынша эксперимент және оның тиімділігін нәтижелеріне сүйене отырып дәлелдеу.

Зерттеу әдістері: Зерттеу проблемасына сай кәсіби маман іс-әрекетінің табиғаты мен мақсатын ашатын теория мен практиканың тұтастығы туралы әдіснамалық ұстанымдар мен теориялар, маңызды философиялық қағидаларды құрайды. Философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары:

- жоғары мектептің филология факультеті студенттеріне қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту болашақ маманды жан-жақты дамытуға, білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ұлттық құндылықтар мен асыл мұраларды бағалауға үйретеді, сол арқылы олардың интеллектуалдық әлеуеті дамиды;

- қазақ повестеріндегі көне мифтік сарындарды білім беру технологиялары арқылы меңгерту студенттің болашақ мамандығына қажетті теориялық ақпараттарды талдап, саралауына, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің шыңдалуына әкеледі;

- студенттің кәсіби-танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйе қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқытудың арнайы ұстанымдары негізінде жүзеге асырылып, оң нәтиже береді;

- қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды практикалық тұрғыдан меңгертудің деңгейі студенттердің қалыптасқан дағдылары мен іскерліктерінің көрсеткішімен анықталады. Нәтижесінде пәндік құзіреттіліктері қалыптасады;

- «Қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы ұсынылды.

Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі:

Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті академик С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында бакалавр «5В011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» таңдау курсының оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

- бірінші нәтиже жаңа, себебі қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалды;

- екінші нәтиже жаңа, себебі мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері анықталды;

- үшінші нәтиже жаңа, себебі болашақ филолог, қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, әзірленді;

- төртінші нәтиже жаңа, себебі мифтік сарындарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің түрлері ұсынылды;

- бесінші нәтиже жаңа, тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, жалпыланып, нақтыланды.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр. «Білімді ұлт» сапалы білім беру" ұлттық жобасы. Бұл жолдар ЖОО-да педагогтарды даярлаудың тұрақты дамуына септігін тигізетін бағдар ретінде қарастырылды.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Зерттеу жұмысының сарапталуы мен жариялануы:

Зерттеу жұмысының теориялық мәселелері мен тұжырымдары халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама тұрғысында тыңдалып, ғылыми жинақтарда 2 мақала жарияланды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 5, халықаралық скопус мәліметтер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, отандық ғылыми басылымдарда 1 мақала, барлығы – 10 ғылыми мақала жарияланды.

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Teaching Kazakh novels with electronic book applications; Teacher and student opinions. Cypriot Journal of Educational Sciences, 2021, 16(5), с. 2808–2818. <https://doi.org/10.18844/cjes.v16i5.6369>. (Co-authored by: Satemirova, D.A., Alpysbay, T., Abdigazievich, B., Nazarova, A.) Докторанттың үлесі - 80%;

2. The problem of elimination of illiteracy by writing textbooks in the steppe баспа Opcion, 2019, 35(88), с. 543–566 https://produccioncientificaluz.org/index.php/_opcion/article/view/24216. (Co-authored by: Turgunov, Y., Abdimomunov, Y., Smanov, B., Koch, K.) Докторанттың үлесі - 40%;

ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда:

3. Мифологиялық дискурстағы ортақ сарын. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №4 (62). «Филология ғылымдары» сериясы, 2017 ж., 179-184 б. Докторанттың үлесі -100%;

4. Өтеген батыр жырындағы ел үмітінің көрінісі және мифтік персонаждармен генетикалық байланысы. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» №2 (44), 2017ж., 187- 190 б. ISSN 2073-333X. (қосалқы автор Шортанбаев Ш.А.) Докторанттың үлесі - 80%;

5. Қазақ прозасындағы мифтердің трансформацияға ұшырауы. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» №6 (42), 2016ж., 85- 87 беттер. ISSN 2073-333X(қосалқы автор Рахманова Н.М.) Докторанттың үлесі - 80%;

6. Поэтикалық мифологияның көркем әдебиет пен әдебиеттанудағы көрінісі. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. №4 (58), «Филология ғылымдары» сериясы. 2016 ж., 157-159 б. Докторанттың үлесі -100%;

ҚР-дың журналдарында жарияланған ғылыми мақалалар:

7. Ә.Кекілбаев повестерінің сюжеттік желісін оқытудың ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы, №4 (78), 2021 ж., 17-26 б. Докторанттың үлесі -100%;

Алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференцияларында:

8. Түркі жұртына ортақ мифологиялық сюжеттер. Nevruz zirvesi. I.Uluslararası.Abay Kunanbayoglu. Kazak kulturu, tarihi ve edebiyati sempozyumu. 357-361 б. 20-23 Mart 2018. Antalya. ISBN-978-605-9885-98-0. (қосалқы автор Ербай Т.М.) Докторанттың үлесі - 80%;

ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары:

9. Миф и мифологический дискурс в современной прозе. «Результаты современных научных исследований» Материялы международной научно-практической конференции. 21 декабря 2017 г., Астана, Казахстан. Ст.155-162 Докторанттың үлесі -100%;

10. Асқар Алтай прозасындағы миф пен мифопоэтикалық ерекшелік баспа «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Алматы облысы бойынша. «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. 21-22 қараша. 2017ж., 278-281 б. Докторанттың үлесі -100%.